

«Қазақ тарихындағы Ислам»



Тілеуберді САХАБА

ҚМДБ - еліміздегі мұсылман жұртшылығына діни-руханияттық басшылық жасайтын және Алланың асыл діні - Исламды халқымыздың дәстүрлі жолымен насихаттаушы мекеме. Қазақстанның көп ғасырлық тарихы мен мәдениеті Ислам дінімен байланыса дамып келеді. Соңғы 30 жыл ішінде еліміздің Діни басқармасы да көптеген пәтуалар шығарып, асыл дінімізді кең көлемде насихаттауда.

Аталмыш шараға ҚМДБ-ның Павлодар облысы бойынша өкіл имамы Жолдас Қоспақұлы, облыстық дін істері басқармасының басшысы Дәулет Зөкариянов, Toraighyrov University профессоры, филология ғылымдарының докторы Айтмұхамбет Тұрышев және қала мешіттерінің имамдары мен өңіріміздің зиялы қауымы қатысты.

- Биыл Діни басқарма үшін айтулы жыл болмақ. Себебі, біздің құрылғанымызға 30 жыл толып отыр.

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада «Қазақ тарихындағы Ислам» тақырыбында кітаптар көрмесі ашылды. Шара Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының 30 жылдық мерейтойына арналды.



Қазақстан мұсылмандарының алғашқы құрылтайы 1990 жылы 12 қаңтарда өткен еді. Бүгінгі көрменің басты мақсаты - кітапхана оқырмандарына сол Діни басқарманың тарихын көрсету және қорымыздағы діни әдебиеттермен таныстыру болып отыр. Биылғы мерейлі датаға орай «30 игі шара» деген үлкен жоба

басталды. Яғни, республика бойынша отыз мешітті күрделі жөндеуден өткізу, отыз көпір салу секілді игі жұмыстар атқармақпыз, - деді Жолдас Қоспақұлы.

Кітапхана оқырмандарының назарына ҚМДБ сараптамасынан өткен 500-ге жуық діни кітап ұсынылды. Болашақта мұндай көрмелер аудандық мешіттерде де ұйымдастырылмақ.